

# С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина унверситеті







Кафедра: Ортопедиялық стоматология



# СӨЖ

Тақырыбы: Жақ сүйектерінің сынықтарын емдеуге қазіргі кездегі жаңа көзқарастар.



Орындаған: Шулгаубаева И. С.

Факультеті: стоматология

Тобы: 501-2

Қабылдаған: Шаяхметова М. Қ.



# Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім:
- Жоғарғы жақ сынықтарын ортопедиялық жолмен емдеу
- Төменгі жақ сынықтарын ортопедиялық жолмен емдеу
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиет

# Кіріспе

- Жақ – бет аймағы зақымданған науқастарды емдеу кезінде мынандай жұмыстар пайда болады, ол науқасты оперативті араласуларға дайындау, жұмсақ тіндерге тірек жасау, операциядан кейінгі жараны жабу, науқастарды тамақтандыру және т.б. Сынық кезінде ортопедиялық ем хирургиялық емнен кейін немесе науқас хирургиялық емнен бас тартқанда жүргізіледі.

# Жақ-бет ортопедиялық стоматологиясында қолданылатын аппараттардың классификациясы

Тағайындалуына қарай:

□ Түзететін аппарат

□ Ауыстыратын аппарат

□ Бекітетін аппарат

□ Қалыптастыратын аппарат

□ Бағыттайтын аппарат

□ Аралас аппарат

# Түзететін аппараттарға:

жақаралық  
тартуға  
арналған сым

пластмассалы  
шиналар

ауызсыртылық  
реттейтін рычагы  
бар аппараттар

ВИНТТІ

# Жақ сынықтары

```
graph TD; A[Жақ сынықтары] --> B[❖ Жоғарғы жақ сынығы]; A --> C[❖ Төменгі жақ сынығы]; A --> D[❖ Аралас сынықтар болып бөлінеді.];
```

❖ Жоғарғы жақ  
сынығы

❖ Төменгі жақ  
сынығы


❖ Аралас  
сынықтар болып  
бөлінеді.



репозиция

біруақытта

біртіндеп



- Біруақытта жүргізілетін репозиция хирургиялық жолмен немесе қолмен жүргізіледі, ал біртіндеп жүргізілетін репозиция аппараттардың көмегімен жүргізіледі.

- Әсер етуіне қарай аппараттар:

- Механикалық
- Функциональды

- Аппарат бөліктеріне қарай:

- Тіректік бөлігі
- Әсер ететін бөлігі

- Тіректік бөлігі ретінде сауыттар, қаппалар, кольцо, негізді пластинка немесе басқа киетін шапochкалар қолданылады.

- Жақ-бет аппараттарының бекітілуіне қарай:

- ❖ Ауызсыртылық

- ❖ Ауызішілік

- ❖ Аралас

- Емдік тағайындалуына қарай:

- ✓ Негізгі

- ✓ көмекші



# Жоғарғы жақ сынығын ортопедиялық жолмен емдеу.

- Жоғарғы жақтың екі жақты сынығы кезінде Стандартты Збарж аппараты қолданылады. Ол аппараттың бір бөлігі ауыз ішінде тістерге бекітіледі, екінші бөлігі ауыздан шығып басқа кигізілетін гипс таяқшаға бекітіліп жоғарғы жақсүйегін бірқалыпта ұстап бекітіп тұруға көмектеседі.


- Жоғарғы жақтың Ле Фор 1 және Ле Фор 2 сынықтарын емдеу үшін Збарж стандартты шина ойлап тапты. Онда шина- доғадан, басқа тірек ретінде кигізілетін таңғыш және байланыстыратын бөліктен тұрады. Аппарат сынықты бір уақытта бекітеді және түзетеді. Шина доғасы жоғарғы жақтың тіс қатарын екі жағынан түгел алып жататын болаттан жасалған. Сымды доғаның мөлшері таңдай бөлігінің керілу немесе тартылуымен реттеледі. Ауыз сыртылық бөлігі доғадан құлақ қалқанына қарай кетеді. Ауыз сыртылық бөлігі байланыстырушы металды бөлігі арқылы басқа кигізілетін таңғышқа бекітіледі.


- Пластмассадан жасалған таңдай пластинкасын қолданып қана жоғарғы жақ сынығын стандартты шина арқылы бекітуді Миргазизов ұсынды.






6





- Вебердің тіс- қызылиек шинасын төменгі жақ зақымдалмаған жоғарғы жақтың ығысқан сынығы кезінде қолданамыз. Ол сымды қаңқадан және қатты таңдайды жауып жататын пластмассалы негізден, ауызсыртылық сабақшаға арналған муфтадан тұрады. Тістердің түйісуін бақылау үшін тістердің кесу қырымен шайнау беті ашық қалдырамыз. Қаңқасын ұзындығы 0,8мм ортодонтиялық сымнан жасайды. Ол доға тәрізді тіс қатарының вестибулярлы және таңдай бөлігін алып жатады.





Жоғарғы жақ сынығын бекітуге арналған тіс-қызылиек шинасы

- Шина тістерге тиіп тұрып қызылиек жиегін зақымдамас үшін, қаңқасына тістердің жанасу бетінде орналасатындай етіп перекладинді, сонымен қатар ауызсыртылық тетік ұстап тұратын төртгранды трубканы қояды..Мүсінге дәнекерленген қаңқасын орнатып, балауыздан шинаны мүсіндейді. Балауызбен репродукцияланған мүсінді кюветаға гипстейді және балауызды пластмассаға ауыстырады.


- Тіс қызылиек шинасын басқада технологиямен дайындауға болады. Алдымен трубкасымен сымды қаңқасын дайындап алады, оны гипсті мүсінге орнатады, одан кейін шинаны тез қатаятын пластмассадан мүсіндейді. Полимеризацияны вулканизаторда жүргізеді. Шина негізі жартылай мөлдір болады, бұл шинадан шырышты қабатқа түсетін қысымды көруге мүмкіндік береді.



# Шуру аппараты


- Жоғарғы жақтың екі жақты қозғалысы шектелген сынығын бекітуге арналған. Ол:
- Гипсті шапкадан, 150 мм-лі вертикальді екі сабақшаны гипстейді.
- Жоғарғы жақтың екі жағындағы бірінші моляр мен сүйір тіске арналған жасанда сауыттармен қоса жасалған шинаға ұрт жағынан бірінші азу тіс аймағында ұзындығы 15 мм трубка припасовывается.
- Ұзындығы 200 мм ауыз сыртылық екі сабақша

- Дәнекерленген шинаны жоғарғы жақ тістеріне цементтейді. Науқастың басына гипсті шапканы орнатып және біруақытта екі вертикальды қысқа сабақшаны екі жағына бекітеміз. Олар көздің латералды қабырғасынан сәл артырақ және төмен қарай мұрын қанатына дейін түсетіндей қыламыз. Ауызсыртылық сабақшаны трубкаға қоямыз және тістің ұрт бөлігінде иеміз. Сүйір тіс аймағында артқа бағытталады. Жақсүйек сынығы бөліктерінің қозғалуы ауыз сыртылық сабақша бағытының өзгеруімен жүзеге асады. Жақсүйек сынықтарын орнына қойғаннан кейін рычаг соңын лигатурамен байланыстырады.



Шуру бойынша жоғарғы жақ  
сынығын жөндеуге арналған  
аппарат

# Жақ сынықтарын иммобилизациялау әдістері:




Тістік

Тіс-қызылиектік  
және қызылиектік

Хирургиялық (сүйек  
ішілік және сүйек  
сыртылық бекіту)

# Төменгі жақ сынығын ортопедиялық жолмен емдеу.


- Тістік иммобилизация әдісі төменгі жақ сынығы кезінде жоғарғы және төменгі жақта тістер саны жеткілікті болғанда қолданылады.
- Сынықтарды тістік иммобилизациялаудың бірнеше әдісі бар:
  - Жақаралық лигатуралық бекіту
  - Алюминий сымды шинамен бекіту
  - Құймалы шинамен
  - Тез қатаятын пластмассадан жасалған шинамен
  - Каппалы шинамен



Тістерді жақаралық бекіту  
Айви, Гейкин, Вильга бойынша




# Васильев бойынша жақаралық бекітуге арналған стандартты ленталы шина



Тіссіз төменгі жақ  
сынығын бекітуге  
арналған алынбалы  
шина.

А. Ванкеевич шинасы  
Б. Степанова шинасы



# Ванкеевичтің және Степанованың шиңасы

- Төменгі жақтың тіссіз немесе бар тістерінің саны аз кездегі сынығында қолданылады. Альгинатты массамен жоғарғы және төменгі жақтан қалып алады, жақтардың орталық қатынасын анықтайды, жұмысшы гипсті мүсінді артикуляторға бекітеді. Қаңқасын иіп және шинаны балауыздан мүсіндейді. Жазықтық биіктігі ауыздың ашылу дәрежесімен анықталады. Балауызды пластмассаға ауыстырады.

- Бұл шина сонымен қатар, төменгі жақтың сүйекті пластинкасында сүйекті трансплантты ұстап тұруға да қолданылады. Степанов шинасы Ванкеевич шинасының өзгертілген түрі, яғни таңдай пластинкасын доғаға ауыстырған.






Степанова шинасының жалпы түрі.

- Төменгі жақтың тіс қатарынан тыс сынығын емдеуге арналған шина

А.Вебердің тіс-қызылиек шинасы

Б.Шредердің сырғымалы шарнирі



# Вебер шинасы


Бұл шина алвеолды өсінді арқылы өткен сынықтарды және сынық кезінде жеке тістері сақталғанда қолданылады.






Сырғымалы шарнирлі Померанцева-  
Урбанскаяның сымды шинасы

- Төменгі жақ сынығын емдеуге дайындалған пластмассалы шина.




- Фригоф бойынша тез қатаятын пластмассалы шина салу.
- А. Лигатур салу
- Б. Шинаның жалпы көрінісі.




# Порта, Лимберг шинасы

- Тіссіз төменгі жақ денесі сынғанда Порта немесе Лимберг шинасы қолданылады. Екі пластиналы негізді окклюзиялық білігі бар және олар бір-бірімен қосылған. Егер науқастың өзінің бір немесе бірнеше тістері болса онда Порта шинасын қолдана алмаймыз, ол кезде тістеріне кламмер бекітілетін Гунинг-Порта шинасы қолданылады.





- Лимберг шинасы




- Гунинга- Порта шинасы



- Порта шинасы

# Тигерштедттің модифицирленген шинасы






# Тигерштедтің өзгертілген екі жақты шинасы

- 1. Бір-бірімен жалғасқан алюминді сымнан
- 2. Соңғы бөлімде распорка тіректік алаңымен
- 3. Капронды муфта
- 4. Байланысқан ілмектер
- 5. резиналы тартпа
- Распорка түрлері: (6) П тәрізді – тіс саны жеткіліксіз болса, (7) тіректі алаңы бар-патологиялық тістем кезінде, (8) Тік-қалыпты тістемде, (9) жоғарғы және төменгі жаққа муфта тесігіне арқылы распорка бекітілді.

# Қолданылған әдебиет:

- Челюстно-лицевая ортопедическая стоматология, Е.Н. Жулев, С.Д. Арутюнов, И.Ю. Лебедеенко, Москва 2008г.





**Назар аударғандарыңызға  
рахмет!**

